KASE



KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ
ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ
ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАЛАР НАРЫҒЫ
ӘЛЕМДІК НАРЫҚ



# KASE АПТАЛЫҒЫ

17–21 тамыз, 2026

## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE ресми тізіміне "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ KZ2C00019420 (SKKZb36), "Лизинг Групп" АҚ KZ2C00019446 (LZGRb21), Еуразиялық даму банкінің KZ2D00019437 (EABRb69), "аФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00019276 (MFAFb16) және KZ2P00019284 (MFAFb17), "Fincraft Group" ЖШС KZ2P00019458 (NCOMb15), жергілікті атқарушы облигацияларының 14 шығарылымы, үш шығарылымы және төрт шығарылымы енгізілді.
- KASE-де АҚШ Қаржы министрлігінің US91282CNU17 (US199_2808), Азия Даму Банкінің екі шығарылымының, Өзбекстан Республикасының Экономика және қаржы министрлігінің екі шығарылымының және төрт шығарылымының халықаралық облигацияларымен, "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00015188 (KFUSb113) облигацияларымен, "BASS Gold " ЖШС KZ2P00019169 (FPSTb13), "Бәйтерек" Ұлттық инвестициялық холдингінің KZ2C00018695 (BTRKb34), "Лизинг Групп" АҚ KZ2C00019446 (LZGRb21), Еуразиялық даму банкінің KZ2D00018496 (EABRb63), "аФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00019276 (MFAFb16) және KZ2P00019284 (MFAFb17) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 76,3 млн МЕОКАМ KZK200000760 (MOM048_0056), 50,0 млн МЕОКАМ KZK200000786 (MOM060_0056), 64,7 млн МЕТИСКАМ KZKF00000038 (MTC084_0001) және 24,4 млн МЕУКАМ KZKD00000725 (MUM300_0001) орналастырды.
- Азия Даму Банкі XS3459893312 (ASDBe25) халықаралық облигацияларын орналастыру арқылы 15,0 млрд KZT тартты.
- Азия Даму Банкі XS3459894047 (ASDBe26) халықаралық облигацияларын орналастыру арқылы 9,0 млрд KZT тартты.
- Еуразиялық Даму Банкі KZ2D00018496 (EABRb63) облигацияларын орналастыру арқылы 34,1 млрд KZT тартты.
- "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ KZ2C00019420 (SKKZb36) облигацияларын орналастыру арқылы 60,0 млрд KZT тартты.
- "Лизинг Групп" АҚ KZ2C00019446 (LZGRb21) облигацияларын орналастыру арқылы 85,0 млн KZT тартты.
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00014868 (KFUSb96) облигацияларын орналастыру арқылы 9,7 млрд KZT тартты.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KZ2C00010379 (BRKZb37) облигацияларын орналастыру арқылы 600,0 млн KZT тартты.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Эйр Астана" АҚ 2026 жылдың 10-14 тамызы аралығында өзінің бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат берді.
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін хабарлады.
- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржылық нәтижелерін хабарлады.
- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы өндірістік нәтижелерін хабарлады.
- "RG Brands" АҚ 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржылық нәтижелерін жариялады.
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ және KazMunaiGaz Finance Sub B. V. XS1807300105, US48667QAQ82 (KMGZe14) халықаралық облигацияларын сатып алу туралы тендерлік ұсыныстар жариялайды.
- "Отбасы банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ 2025 жылы жай акциялар бойынша дивидендтердің үшінші траншының бір бөлігін төледі.
- "Alatau City Bank" АҚ 2025 жылға KZ000A0G5hk5 (TSBN) жай акциялары бойынша дивидендтердің екінші траншын төледі.
- "Bereke Bank" АҚ (LESHA Bank LLC (Public) ЕБ) Moody's Ratings агенттігі банкке рейтингтер бергені туралы хабарлады.
- Kaspi.kz АҚ Fitch Ratings агенттігі компания рейтингтерін растауғаны туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".

| 21.08.2026 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 8 016,53 | -0,3 | 3,8 |
| | **Бағасы** | **Δ 7к** | **Δ 1а** |
| Tesla, Inc. | 366,1 | 6,3 | -4,4 |
| Freedom Holding Corp. | 159,0 | 6,2 | 0,7 |
| Pfizer Inc. | 28,4 | 5,9 | 14,0 |
| AT&T Inc. | 25,5 | 3,4 | 15,9 |
| PayPal Holdings Inc. | 61,8 | 2,5 | 10,5 |
| Apple Inc. | 312,5 | 2,3 | -5,3 |
| АҚ "ҚазТрансОйл" | 1 148,0 | 1,9 | 1,0 |
| Kaspi.kz АҚ | 46 839,9 | 1,6 | 13,3 |
| АҚ "Қазақтелеком" | 44 850,0 | 1,6 | 8,2 |
| "Қазақстан Халық Банкі" АҚ | 404,7 | 0,3 | 5,9 |
| "ҚазМұнайГаз Ұлттық компаниясы" АҚ | 34 900,0 | 0,3 | 2,3 |
| "Эйр Астана" АҚ | 698,6 | -0,2 | 4,4 |
| АҚ "KM GOLD" | 58,6 | -0,7 | -2,8 |
| "Банк ЦентрКредит" АҚ | 4 795,0 | -1,1 | 6,8 |
| "Кселл" АҚ | 3 155,0 | -1,5 | -2,1 |
| Microsoft Corporation | 485,2 | -2,1 | 21,9 |
| АҚ "KEGOC" | 1 430,7 | -2,3 | -0,5 |
| Advanced Micro Devices, Inc. | 474,9 | -2,4 | -12,0 |
| Bank of America Corporation | 61,9 | -3,6 | 0,7 |
| NVIDIA Corp. | 216,0 | -4,3 | 5,2 |
| АҚ "Казатомпром" ҰАК | 31 884,9 | -4,6 | -1,9 |
| АО "ForteBank" | 11,0 | -10,1 | 9,7 |
| Intel Corporation | 92,9 | -13,8 | -11,7 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

**KASE Индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі, %**




Ағымдағы аптада KASE индексі 0,3 %-ға төмендеді. Бұл ретте, 10 индекстік акцияның 7-і аптаны плюспен жапты.

3,2 %-ға қымбаттаған "Эйр Астана" АҚ акциялары ең үздік динамиканы көрсетті. Компания 2026 жылдың 10-14 тамызы аралығында акцияларды және ЖДҚ кері сатып алу бағдарламасы шеңберінде жалпы сомасы $ 1 161 502,48 болатын 26 849 жаһандық депозитарлық қолхат кері сатып алынғанын хабарлады.

Кезекті аптаны "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ акциялары өсіммен аяқтап, 0,3 % құрады. Компанияның 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне сәйкес, кіріс 23,7 %-ға, 5568 млрд теңгеге дейін ұлғайды, ал таза пайда 69,1 %-ға, 904 млрд теңгеге дейін өсті. Өндірістік нәтижелерге сәйкес, 2026 жылдың алғашқы алты айында мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі 4,6 %-ға, ал газ өндіру 4,7 %-ға төмендеді. Бұл ретте мұнай тасымалдау көлемі 4 %-ға ұлғайды.

"Қазақстан Халық банкі" АҚ акциялары қосымша дивидендтер төлеу туралы хабарландыру аясында апта қорытындысы бойынша 0,3 %-ға өсті. Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы бір акцияға 28,09 теңге мөлшерінде жай акциялар бойынша 2025 жылға дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар, 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелерге сәйкес Банктің таза пайдасы 81 млрд теңгеге немесе 15,3 %-ға қысқарды, ал таза пайыздық маржа 7,3 %-дан 6,8 %-ға дейін төмендеді.

Ақша нарығында бір күндік TONIA репосын тарту мөлшерлемесі апта қорытындысы бойынша жылдық 16,04 %-ға дейін өсті. Бір күндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 12,18 %-ға дейін өсті.

## Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




## ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері




## Тәуекелсіз қисық кірістілігі



Апта қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,4 %-ға, АҚШ доллары үшін 457,62 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір апта ішінде 552 млн АҚШ долларын құрады. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 2,4 млрд АҚШ долларын құрады.

Биржа нарығында Ұлттық қордан сатылған валюта көлемі шілде айында 200 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 2,3%-ын немесе күніне шамамен 9 млн АҚШ долларын құрады.

Сонымен қатар, республикалық бюджетке трансферттер бөлу мақсатында Ұлттық Банк шілде айында Ұлттық қордан 500 млн АҚШ долларын сатып алды, олар Ұлттық қормен операцияларды теңестіру шеңберінде ішкі валюта нарығында 2026 жылдың соңына дейін біркелкі сатылатын болады.

Тамыз айында Ұлттық Банктің биржа нарығында Ұлттық қордан валюта сату көлемі 200 млн АҚШ долларынан бастап 300 млн АҚШ долларына дейінгі көлемді құрайды.

Шілде айында теңестіру операциялары шеңберінде шамамен 374 млрд теңге алынды. Тамыз бойы осы мақсатта 374 млрд теңге баламасында валюта сату күтілуде.

Ұлттық Банк Ұлттық қор қаражатымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ теңестіру тетігін іске асыру барысында нарықтық бейтараптық қағидатын сақтайды.

Ұлттық Банк шілде айында валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Өткен айдың қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімінің бір бөлігін міндетті түрде сату нормасы шеңберінде валюталық түсімді сату көлемі шамамен 195 млн АҚШ долларын құрады. Бұл норманың қолданылуы 2026 жылғы 15 шілдеден бастап тоқтатылды.

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру мақсатында шілде айында биржадағы сауда-саттықта жалпы сомасы 375 млн АҚШ долларын немесе жалпы сауда-саттық көлемінің шамамен 4,4%-ын құраған шетел валютасын сатып алды.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.26)**




| | Цена | Δ 7д, % | Δ 30д, % | Δ 2026, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 625,21 | -0,38 | -0,74 | -7,97 |
| USDKZT | 458,23 | -1,25 | -2,42 | -8,82 |
| EURKZT | 535,99 | -0,04 | -0,04 | -9,41 |
| CNYKZT | 68,17 | -0,96 | -1,79 | -5,19 |
| RUBKZT | 5,46 | -1,44 | -8,39 | -14,95 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | Тренд % 1а | Тренд % 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 7 674,37 | -1,4 | 2,3 | 20,5 | -1,5 |
| Dow Jones | 53 277,01 | -0,8 | 2,0 | 19,0 | -0,8 |
| РТС | 1 151,93 | 44,7 | 34,3 | 1,8 | |
| ММВБ | 3 123,43 | 46,2 | 46,2 | 8,3 | |
| Hang Seng | 26 009,46 | 3,6 | 4,5 | 3,6 | 3,7 |
| SS CSI 300 | 4 618,90 | -1,0 | -2,1 | 7,7 | -1,0 |
| Euro Stoxx 50 | 6 462,22 | -1,2 | 2,3 | 18,3 | -1,3 |
| FTSEuroFirst | 7 233,50 | -1,0 | 0,6 | 17,8 | -0,8 |
| FTSE 100 | 10 816,56 | 0,6 | 0,9 | 16,2 | 0,5 |
| KASE | 8 016,53 | -0,3 | 3,8 | 17,9 | |

## Шикізат нарығы

21.08.2026

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | Тренд % 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 94,39 | 6,6 | 0,3 | 39,5 |
| Мұнай (WTI) | 87,06 | 5,7 | 0,3 | 37,1 |
| Табиғи газ | 2,77 | 1,5 | -5,2 | -1,9 |
| Мыс | 658,70 | -0,4 | 2,1 | 48,2 |
| Темір | 720,00 | 2,9 | -2,8 | -9,1 |
| Алтын | 4 603,07 | 5,2 | 11,4 | 37,9 |
| Күміс | 69,53 | 6,8 | 15,8 | 82,6 |
| Астық | 681,50 | 1,0 | -3,4 | 34,4 |

## Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

| | | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 26.08 | ЖІӨ (кв/кв) (2 кв.) | USD | 1,5% | 1,5% |
| 26.08 | Шикі мұнай қоры | USD | | 4,405M |
| 27.08 | Орталық банктің халықаралық резервтері (АҚШ доллары) | RUB | | 755,6B |
| 27.08 | ЖІӨ (ай сайын) (ж/ж) (шілде) | RUB | | 1,1% |

*Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 10,2% | 01.08.26 | 10,3% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 63,7 | 01.08.26 | 61,8 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 16 750,0 | 01.08.26 | 15 579,7 |
| Ақша масса, млрд KZT | 55 783,7 | 01.08.26 | 55 000,2 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB/A-2 тұрақты | 21.08.26 | BBB-/A-3 позитивті |
| Moody's | Baa1/тұрақты | 01.10.25 | Baa2/позитивті |
| FitchRatings | BBB/тұрақты | 15.07.25 | BBB/тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, A15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-қабат

**Тел.:** +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28




Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2026